

3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М., 1968. - С.29.
4. Богданова О.С. Совершенствовать нравственное воспитание школьников. - М., 1983.-С.167.
5. Харламов И.Ф. Нравственное воспитание школьников. – М.: Просвещение, 2003. - 158 с.
6. С.Л.Рубинштейн. Основы общей психологии. М., 2004.- 265 с.

Түйіндеме

Бұл мақалада оқушылардың тұлға ретінде адамгершілік-эстетикалық қалыптасуы мен дамуы жолдары қарастырылған. Осы үрдегі педагогикалық және қоғамдық факторлармен байланысы қарастырылған.

Resume

The ways of forming and developing of moral and aesthetic features of a schoolchild conditioned by pedagogical and environmental factors are revealed in the article.

ӘӨЖ 372. 881.111.22

ШЕТЕЛ ТІЛІ ШЕТЕЛ МӘДЕНИЕТІН ТАҢУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Е.О. Жұматаева,

ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясы

Л.Ж. Мұқанова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қазіргі кезеңде шетел тілін оқып білу, тек қана үлкен әлеуметтік маңызы бар ғылым және білімде, сонымен қатар қазіргі заманғы өркениеттің белгісі болып табылады.

Қазіргі уақытта шетел тілі халық арасындағы өзара байланыс негізі. Шет ел тілі - бұл әлемді тану кілті. Басқа әлем елдерінің миллиондаған адамдары еркін өз тілдерінде Шекспирді, Байронды, Гетені, Пушкинді, Абайды, Әуезовты, Аймаутовты және т.б. оқиалады, идеялық-эстетикалық ой өрістерін кеңейтеді, тәрбиелеуде және білім беруде үлкен мағына береді. «Адамдар арасында қатынас құралы ретінде ең маңыздысы және ең мағыналысы-әдебиетке өзара ықпал ету, өзара бауы тілдің арқасында жүзеге асады» (Гете). Халық туындылары арқылы шет ел мәдениетін танып білуге болады [1].

Қазақстанның халықаралық деңгейге шығуы саясат әлемінде, экономикада, білім саласында, жаңа іскер, мәдени және экономикалық қарым-қатынасты қалыптастырады.

Тіл мәдениетпен тығыз байланысты, оның құрамдас бөлігі, бір жағынан мәдениетті анықтайды және оның бір бөлігі болып табылады. Тіл-мәдениетті зерттеу құралы, ол өзіндік семиологиялық жүйенің бірі, негізгі және маңызды қатынас құралы. Бұл жүйе даму, ойлау адами, ұжымдық қатынас ретінде мәдени-тарихи дәстүрді жеткізуші. Бұл ретте тіл тек қана қазіргі заманға сай ұлттың ұғымы ғана емес, ежелгі заманғы адамдардың ой-пікірі қоғамға және өз-өзін бүгінгі таңда мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді, метафораларды, ұлттық нышандарды ғасырлар бойы сақтайды.

Адам өз халқының тілін, мәдениетін бала кезден бастап қалыптастырса, сонда ғана тұлға ретінде қалыптасады. Әлем және оның ішінде адам өзін түрлі белгілейді, өйткені халық мәдениетінің барлық қыр-сыры оның тілінде, себебі тіл теңдесі жоқ және айрықша құрал. Тіл мәдениетпен өте тығыз байланысты: мәдениетпен қатар өседі, дамиды, көрініс табады.

Д.С. Лихачевтің пікірі бойынша мәдениет тек қана мәңгі жойылмайтын құндылықты құрайды. Мәдениетті тіл арқылы оқу жаңа пікір емес, бұл туралы А. Брюкнер, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Л.Н. Толстой, антрополог Ежи Бартминьский жазды [2].

«Тіл-мәдениет көрсеткіші», - дейді А.А. Леонтьев. Осылайша тіл мен мәдениет тең құқылы, өзара келісілген, өзара ықпал етілген халықаралық ынтымақтастық білім берудегі объекісі арқылы байланысады [3].

Мәдениет және тіл бір-бірімен диалогта қолданылады. Кейбір лингвистердің пікірі бойынша диалог әр мәдениет өкілдері арасында жеке тілдік фактор, ұлттық мәдени дәстүрлерді білмеу арқасында сәтсіздікке ұшырайды. Осы аталғанның бәрі көп мәдениеттілік тәрбие компоненті болып келеді. Оған мысал: Афганистандағы француз тілшілерімен болған жарқын көрініс: әйел кейпінде бет пердемен шыққан ол дереу ер адам екені танылып қалады да, тәліптер жазасына ұшырайды. Әңгімелескен екі ер адамның қасынан өту мүсылман әйелдеріне жат мінез-құлық [4].

Осы аталған қателермен дәстүрлерді білмеушілік түсініспеушілік пен жанжал туғызады .

Тілдің шығу тарихы адам өмірімен және қоғамның дамуымен байланысты, әлеуметтік жүйе бүгінгі күні жеке адам тұлғасының басты құндылығы-жалпы адами мәдениет. Осы құндылықтар басқа халық мәдениетімен қарым-қатынасын қалыптастырады. Қазіргі уақытта қоғам алдындағы міндет көп мәдениетті жан-жақты білімді тәжірибелі, қабілетті маман дайындау. Осы айтылғанның бәрі білім мазмұнын және көп мәдениеттік тәрбие интеграциясының мүмкіндігін қайта қарастыруды қажет етеді.

Болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуы эмоционалдық дамуы, өзін өзі қадірлеуі басқа адамдармен шыдамдылық қасиеті білім өнімділігінің қажетті алғышарты болып табылады. Көп мәдениетті тәрбиенің дамуы шет ел тілін оқытуда студенттердің мәдениаралық қарым-қатынастық қабілеттерін және оқып жатқан тілдерін дамытады. Басқа елдермен іскерлік қарым-қатынас жасау үшін мәдениетін, тарихын, географиясын білудің маңызы зор. Тілдер қоғамның жеке топтарын және тұлғаны қалыптастырудың ілгерлі элементі болып табылады. Тілдер қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамға қажетті адамның құрамдас бір бөлігі. Кейінгі онжылдықта басқа мәдениетті және тілді оқу халықаралық өзара түсіністікте орын алды.

Шет тілін оқу курсы болашақ мамандарды оқыту мен тәрбиелеумен қатар мәдениетін дамытумен тығыз байланысты.

Шетел тілін мектеп қабырғасында оқыту өз еліміздің мәдениетін, дүниетанымын, этносын таныстырады. Бір елде қалыпты салт-дәстүр келесі елде тұрпайы болып көрінеді. Мысалы: шығыс елдерінде ұлттық тағамдарды қолмен жеу сақталған.

Кез-келген елдің мәдениетін, тілін бағалау өте қиын, тіл-мәдениеттің айнасы. Адамның қоршаған ортасы ұлттық менталитеттің нақты көрінісі, сонымен қатар әдет-ғұрпын, мінезін, құндылығын қарастырады. Тілді білу арқылы адам өзге ұлттың өзгешелігін, мәдениетінің қаншалықты терең екендігін ұғынады. Жеке тұлғаның ерекшелігі, оның әлеуметтік мәртебесі, этно-мәдениеттік ерекшелігі тіл арқылы байқалады.

Шетел тілін оқытушының алдына қойылған міндеті студенттерге өзге тілге кіруге көмектесу, сол тілде тілдесуге лингвистикалық және мәдени-тарихи ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік алады. Білуімізше, тілді оқыту күрделі әрі қиын үрдіс, шет ел тілін үйретуде студенттердің өз өмірлерінде болып жатқан құбылыстарға зейін қою арқылы қабылдауын арттыру.

Шетел тілін оқыту үрдісінде басқа елдің мәдениетін тану арқылы тұлға ретінде қалыптасады. Өзін-өзі оқыту электрондық, видео, аудио құралдар арқылы елеулі рөлге ие болады.

Лингвистикалық, философиялық, социологиялық, физиологиялық, психологиялық пайымдау тілдің шығуының жалпы проблемасы. Антикалық философиялық дәстүрде тілдің шығуының екі негізгі теориясы: фюсей теориясы- тіл табиғи жолмен қалыптасты (Лукреций Кар), екіншісі Тесей теориясы-жасанды жолмен қалыптасқан. (Демокрит) [5].

Бірнеше тілдерді білу адамның мәдени деңгейін сипаттайтын нақты көрсеткіш. Ана тілін бағалау және жаңадан білу мүмкіндігі туады. Оған көптеген ойшылдар назар аударды. И.В. Гетенің пікірі бойынша «өз тілінді білмей, өзге тілді білу мүмкін емес». Өзге халықтың тілін меңгеру-рухани өмірін, оның психологиялық тереңдігін танудың тиімді құралы.

Тіл мамандарын дайындауда мәдени диалог оқытушылар мен мамандардың ізденудің ұтымды жолы. Оқу үрдісінде «окультурация» жүреді, шет тілдерінің мәдениетінің құрамына кіру оқу үрдісін тиімді етеді. Бұл тәсіл мамандардың дайындығын тиімді етуге, маңызды мөлшерде шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді, тілдік дағдыны және шеберлікті байытуда, сол елдің әдет-ғұрпын және дәстүрін оқуда қолданады.

Шетел тілін мектепте және жоғары оқу орындарында оқу қазіргі кездегі білім алуға және өркениетке тән құбылыс, әлеуметтік қажеттілік. Мемлекеттің қауіпсіздігі мен гүлденуі екі тілді адамдардың ынтымақтастығынсыз мүмкін емес, әлеуметтік қажеттілік көрініс береді.

Бұл аймақта қатаң алға жылжушылық байқалады. 19 ғасырда жалпы білім беру мақсатында жүргізілсе, ал біздің ғасырда әсіресе, соғыстан кейін елтануды меңгеруге тән практикалық курс жүргізіледі. Екі тілдің орнына өмірде көп тілділік қатаң түрде енгізіледі. Көптеген дамыған әлем елдерінің мақсаты: екі немесе үш тілде оқыту, атап айтқанда, ұстаздар және қоғам қайраткерлері азаматтың әлемдік қоғамдастық пен мәдениетін кеңейту шегін тек қана біздің елімізде ғана емес өзге елдерде жұмыс іздеуді жеңілдетеді. Кең көлемде таралған екі тілділік білім ана тілімен қатар шетел тілі саналады [6].

Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдауында мемлекетте үш тілділік саясаттың жүргізілуі туралы хабарлады. Ол жолдауында әрбір қазақстандық кем дегенде үш тілді меңгеруі тиіс, Қазақстан барлық әлемде жоғары білімді ел ретінде халқының үш тілді білетіні ретінде танылуы тиіс, ол қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі, бір шет тілі табысты жаһандану экономикаға кіру. Ел басы алдымызға кезекті міндеттерді көп салалы мәдени және көп тілді тәрбиелеуде кезекті міндеттерді қойды. Өзін-өзі жетілдіру, шамалы еліне пайда келтіру адамдардың алдында үлкен мүмкіндік ашады.

Назарда шетел тілін оқыту барысында тіл арқылы әлемдік мәдениетті тану, тіл арқылы әрбір студент өз кезегінде ұлтаралық келісім, өз мәдениетін, ұлттық мәдениетін, құндылығын бағалайды. Ғылым мен білімнің тығыз сабақтастығы отандық және әлем мәдениетіне баурау қазақ халқы және басқа халықтардың оқыту мәтіндері, тарих, әдет-ғұрып, дәстүр, мемлекеттік тіл мен орыс тілі, шетел тілдерін білу арқылы жасалады [7].

Қазіргі таңда шетел тілі жалпы деңгейін мәдени кәсібін көтеру халықаралық байланысты жетілдіреді, халықаралық интеракция өкілі ретінде рухани құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастырады. Түрлі аутентикалық теледидарлық жанрларда көп мәдениетті тұлға қалыптасады. Жинақтау, шолу оқытулары өте тиімді. Шағын әдеби шығармалар, әңгіме, эссе, новелла, публицистикалық, көркем мәтіндер, деректі және көркем фильмдер, тарихи материалдар қолдану тиімді болып келеді [8].

Жаһандану кезеңінде, Қазақстанның түрлі елдермен байланысы дамуы кезінде экономика, саясат және мәдени салаларында тіл рөлі көтерілді, өйткені тіл ынтымақтастықты, қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Мәдени құндылықтармен алмасу шетел тілін оқыту арқылы жасалады. Бұл әр ел халқының рухани мәдениетінің элементтерінің кірігу формасының бір түрі.

21 ғасыр-полиглоттар мен көп тілді тұлғалар ғасыры. Шетел мәдениетін шетел тілін білу арқылы тануға болады. Жастарды өз тілін құрметтеу мен қатар шетел тіліне де құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Осы қойылған мақсаттар тіл қатынасы мен мәдениет қатынасын дамыту арқылы әлем азаматын басқа халықтарға деген толеранттылықты тәрбиелеуге, көп тілділік қоғамдастыққа жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сабитова М.Р. Аударма және мәдени аралық қарым-қатынас Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Халықаралық қатынастар: теория-практика-ізденіс». - Алматы: Абылай хан атындағы ҚазГУ МО и МЯ, 1999.- 458 б.

2. Маслова В.А. Лингвомәдениеттану: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық.-2-басылым, стереотип. - М.: «Академия» баспа отралығы, 2004.-276.

3. Леонтьев А.А. Тіл жат болмау керек/ Шетел тілін оқытудың этнопсихологиялық аспектілері. - М., 1996.

4. Милосердова Е.В. Ұлттық-мәдени стереотиптер және мәдени аралық қатынастар проблемалары.// Ғылыми-әдістемелік журнал ИЯШ. 2004. №3. - 80-84бб.

5. Орыс-қазақ сөздігі: Лингвистика/ э.ғ.д., профессор Е. Арын. - Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007.-527б.

6. Сигуан М., Макки У.Ф. Білім және екітілділік: франц.т. аударма.-М.: педагогика, 1990.-184 б.

7. Смагина И.П. Шетел тілін оқыту мәдениаралық қатынастың маңызды негізі.// Ғылыми-педагогикалық журнал Білім. 2008. №4. - 73 б.

8. Барышников Н.В. Мультилингводидактика// Ғылыми-әдістемелік журнал ИЯШ. 2004. №5. - 19 б.

Резюме

В статье раскрывается смысл взаимосвязи и взаимовлияния языка и культуры, значение владения иностранным языком как инструмента для познания культуры других стран. Также говорится о том, что владение иностранным языком - показатель, характеризующий уровень культуры современного, успешного и конкурентоспособного человека.

Resume

The article deals with the meaning of intercommunication and language interinfluence, culture, mastering foreign language meaning as instrument for knowledge of different countries culture. The language mastering is index characterising the culture level of modern successful and competitive person.

УДК 37:004

COMMON ISSUES OF THE VIRTUAL WRITING CENTER WORK**A.K. Kairbayeva***Pavlodar State University named after S. Toraigyrov*

We live in a world where technological innovation is occurring at breakneck speed, and digital technologies are increasingly becoming an integral part of our lives. Dynamic growth, changes in student demographics, an increasing need for accessible lifelong learning, advances in information technologies, and the national movement from an industrial base to an information base are transforming the educational environment. Increasing virtualization is one of the key trends for the future development of education.

The rapid emergence of new learning and teaching environments has led to increased levels of integration of computer-mediated instructional elements into the traditional face-to-face learning experience of higher education today. The use of electronic tools such as World Wide Web, e-mail, synchronic and asynchronic conferencing creates new opportunities for learning and teaching, and successfully supports the writing center's mission to benefit students. The research outlines the fact that "the key factor now driving change is technology... In both education and training there is a shift to offering greater flexibility in relation to time, place, pace, entry and exit" [1].

It is necessary now to clarify some terms which are used in the article. Norah Jones (2006) provides a wealth of examples illustrating the point that scholars need to be more aware of the use of the terminology surrounding virtual or online environments; otherwise there is always danger of believing everyone shares the same understanding or definition of the term. We offer here a glossary of commonly used terms in this sphere, suggested by Beth Hewett and Christa Ehmann [2].

Asynchronous Environment - a Web- or e-mail environment through which a teaching interaction may occur. An asynchronous teaching environment enables nonconcurrent, or non-real-time, interaction between instructor and student whereby one party completes its talk and returns the interaction to the other.